

Қазақстан Республикасында 1996 жылы ақбөкендерді аулау лимитін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 қазан N 1243

"Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомстволары, 1993 ж., N 18, 439-бет) 13 және 20-баптарына сәйкес республикада жануарлар дүниесі ресурстарын ұтымды пайдалану және ақбөкендерді аулауды ұйымдастыруды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Ақбөкендерді аулаудың 1996 жылға арналған 60 мың бас мөлшеріндегі лимиті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Орман шаруашылығы комитеті Экология және биоресурстар министрлігімен келісім бойынша ғылыми ұсыныстар негізінде ақбөкендердің өсуі бойынша оларды аулаудың лимитін бөлсін, ақбөкендерді аулау құқығына рұқсаттар беруді және осы жануарлар кәсіпшілігін жүргізуге, қорғауға және ұдайы өсіруге

бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жануарлар дүниесін пайдалануға, оларды қорғаудың жай-күйіне және ұдайы өсіруге мемлекеттік бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрлігінің

орынбасары